

**Алматы қаласында 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы дайындау мен өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 86-ө өкімі

Алматы қаласында 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы сапалы дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Алматы қаласында 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданың өткізілу күні – 2017 жылғы 28 қаңтар – 8 ақпан болып белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітілсін.

3. Алматы қаласының әкімдігі:

1) Ұйымдастыру комитетінің жұмыс жоспарын дайындасын және 2012 жылғы 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) осы өкімді іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и қ а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

№ 8 6 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**Алматы қаласында 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

**Ескерту. Құрам жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Алматы қаласының әкімі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің президенті, төрағаның

орынбасары

(келісім

бойынша)

Қазақстан Республикасының студенттік спорт федерациясының президенті,  
төрағаның орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене  
шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары, хатшы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім  
б о й ы н ш а )

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене  
шынықтыру істері комитетінің төрағасы

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті (   
к е л і с і м б о й ы н ш а )

Алматы облысы өңірінің жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің төрағасы,  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Абай атындағы Қазақ  
ұлттық педагогикалық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
ректоры